

Балқантауға барар жол

Соңғы жылдар мұғдарында аймақта күрежолдардың күйі түзеліп, республикалық маңызы бар бағыттардағы тасжолдар жанданып келеді. Сол игілікті істің заңды жалғасы ретінде, аймақ орталығынан шалғайда жатқан Егіндібұлақ өңіріне де көптен күткен ақжолтай жаңалық жетті. Талай жылдан бері ел ішінде айтылып, шешімін күткен «Қарқаралы-Егіндібұлақ» тасжолын жөндеу жұмыстарының басталуы – құтты мекеннің құтын еселей түскендей. Бұл жоба ауыл мен қаланы жақындатып, киелі Қу-Балқантау өңірінің тамырына қан жүгіретін, елдің еңсесін көтеретін нағыз игілікті іс болмақ.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қарқаралы-Егіндібұлақ» жолының жалпы ұзындығы – 80 шақырым. Жұмыс екі учаске бойынша жүргізілуде. Біріншісі – «Қарқаралы-Бүркітті» аралығындағы 32 шақырым. Бұл учаскеде

орташа жөндеу жұмыстары 10 мамырда басталған. Екіншісі – «Бүркітті-Егіндібұлақ» бағытындағы 48 шақырым. Мұндағы жұмыс 1 маусымда қолға алынды. Екі жоба бойынша жөндеу жұмыстары 2026-2027 жылдарға жоспарланған.

– Бұл жолдың әлеуметтік маңызы

зор. Өйткені, бұл бағыт Қарағайлы, Бүркітті, Қарабұлақ, Қаракөл, Айнабұлақ және Жәнібек ауылдарын аудан орталығымен байланыстырады. Бұл елді мекендерде 17 мыңнан астам тұрғын бар. Жолдың жаңаруы – күнделікті қатынасқа ғана емес, ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдауға, қоғамдық көлік



ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУТҰ

қозғалысына, жүк жеткізуге, туризмді дамытуға және ауылдардың экономикалық тынысын кеңейтуге де тікелей әсер етеді, – деді облыс әкімінің орынбасары Азамат Тайжанов.

Жобаға екі мердігер ұйым тартылған. «Бүркітті-Егіндібұлақ» учаскесіндегі жұмыстарды «РИТМ» ЖШС атқарады. Бұл мекеме бұған дейін Қарағанды және Ақмола облыстарында жол жөндеу жұмыстарын жүргізген. Ал, «Қарқаралы-Бүркітті» учаскесіне «Қарағанды Жолдары» ЖШС жауапты. Бұл компания еліміздің әр өңірінде жол салу және жөндеу бағытында жұмыс істеген.

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының мәліметінше, жоба аясында жол негізін күшейтуге ерекше мән берілді. Орташа жөндеу кезінде суық ресайклинг технологиясы қолданылады. Бұл әдіс қолданыстағы ескі жол жамылғысының материалдарын қайта өңдеп, оған қиыршық тас пен байланыстырушы материалдар қосу арқылы жол төсемінің беріктігін арттыруға мүмкіндік береді.

– Суық ресайклинг технологиясы климаттық жағдайы күрделі өңірлер үшін тиімді. Бұл әдіс арқылы ескі жол қабаты қайта өңделіп, жаңа байланыстырғыш материалдармен араластырылады. Соның нәтижесінде жол қабатының серпімділігі артып, температураның күрт ауытқуына төзімділігі жоғарылайды. Одан кейін жаңа асфальтбетон қабаттары төселіп, жол жиектері бекітіледі, жол белгілері орнатылып, таңбалау жұмыстары жүргізіледі, – деді облыстық филиал директорының орынбасары Дінмұхамед Еркін.

Жөндеу жұмыстары тек асфальт төсеумен шектелмейді. Жоба аясында су ағарларды жөндеу, аялдамалар орнату және қажетті жол белгілерін қою қарастырылған.

► 2-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

«Жерлесімізді мақтан тұтамыз!»

АҚШ-тың Нью-Йорк штаты Канастота қаласында өткен салтанатты рәсімде әйгілі қазақстандық боксшы Геннадий Головкин Халықаралық бокс даңқы залының (IBHOF) мүшесі атанды. Ол – тұтас Орталық Азия кеністігінде аталған мәртебелі ұйымға қабылданған алғашқы спортшы.



Халықаралық бокс даңқы залына қабылдану – кәсіпқой бокстағы ең жоғары марапат. Енді жерлесіміздің есімі Мұхаммед Әли, Майк Тайсон, Флойд Мейвезер, Мэнни Пакьяо секілді әлемдік бокс аңыздарымен бір қатарда аталады.

Г.Головкин әуесқой бокста 350 жекпе-жек өткізіп, 345-інде жеңіске жеткен. Кәсіпқой бокста да орта салмақтағы чемпиондардың біріне айналды. Енішінде 45 жекпе-жек пен 42 жеңіс бар. 37 карьерасын нокаутпен жеңді. Қазақстандық боксшы спорттық мансабында WBA, WBC, IBF және IBO тұжырымдары бойынша әлем чемпионы атанып, The Ring журналының беделді чемпиондық белбеуін иеленді.

Бүгінде Геннадий Головкин халықаралық спорт басқару саласында Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитетінің президенті және World Boxing ұйымының басшысы ретінде әлемдік спорттың дамуына үлес қосуда. Осылайша, халықаралық спорт федерациясын басқарған алғашқы қазақстандық ретінде тағы бір тарихи белесті бағындырды. Геннадий Головкиннің Халықаралық бокс даңқы залына қабылдануын жерлестері зор қуанышпен қабылдады.

Облыс әкімі Ермежанбет Бөлекпаев әлеуметтік желідегі парақшасында «Біз жерлесімізді мақтан тұтамыз!», – деп жазып, жерлесімізді тарихи жетістігімен құттықтады. Геннадий Головкиннің Азиядан шыққан тұңғыш Даңқ залы мүшесі екенін атап, бұл жетістікті оның көпжылдық еңбегі мен әлемдік спортқа қосқан үлесінің заңды жемісі екенін айтты.

Өз тілшімізден

Сурет Ұлттық Олимпиада комитетінен

• ТҰСАУКЕСЕР

Дауылдай болсын дабылы!

Қарағандыда аралас жекпе-жек спорттың маманданған «DAUYL MMA Academy» клубы ашылды. Жаңа спорт академиясының негізін халықаралық дәрежедегі MMA спорт шебері, қолма-қол ұрыс пен ушу-саньдандан спорт шебері Алтынбек Думанұлы қалаған. Салтанатты шараға облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нұратов пен Қазақстан MMA федерацияларының президенті Сағындық Мекеев қатысып, клубтың ашылу лентасын қиды. Сонымен қатар, басқарма басшысы осындай спорт нысандарының маңызы зор екенін атап өтіп, сәттілік тіледі.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аралас жекпе-жек жанкүйерлері Алтынбек Думанұлының есімін жақсы біледі. Спорттағы алғашқы қадамын бокстан бастаған жерлесіміз кейін аралас жекпе-жекке бет бұрып, осы салада табысты кәсіби мансап қалыптастырды. Ол 13 жылға жуық уақыт бойы халықаралық және республикалық

денгейдегі жарыстарда өнер көрсетіп, AVADAN FC ұйымының чемпиондық белбеуін жеңіп алды. Кәсіби спорттағы жемісті жолын 2020 жылы аяқтап, бүгінде жинақтаған тәжірибесін жас буынның тәрбиесі мен спорттық дамуына бағыттап келеді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық спортты дамыту – ұлт саулығын нығайтудың маңы-

зды тетігі екенін үнемі айтып келеді. Сондықтан, осындай әлеуметтік маңызы бар спорт нысандарының ашылуы өңірде бұқаралық спорттың дамуына тың серпін береді. Бүгінде Қарағанды облысында дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысатын тұрғындардың үлесі 42,4 пайызға жетті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 43 пайызға жеткізуді жоспарлап

отырмыз. Осындай игі бастама көтеріп, тұрғындардың спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасаған кәсіпкерлерге алғысымыз білдіреміз. Бұл – өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға қосылған маңызды үлес, – деді Нұркен Қанатұлы.

► 4-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru



Қаспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында басып бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Негізгі міндеттер межеленді

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат кеңесі биылғы ауыл шаруашылығы маусымының беталысын айқындап берді. Көктемгі егіс науқанының қорытындылары шығарылып, алдағы жаздың басты сынақтары сараланды. Егіс алқаптарының жағдайы, шегіртке қарсы жүргізіліп жатқан ауқымды фитосанитарлық науқан және алдағы аптап ыстыққа қатысты болжамдар кеңестің негізгі өзекті тақырыптарынан. Биылғы маусым әзірге үміт ұялатқанымен, ылғал тапшылығы, зиянкестер қаупі мен ауа райының құбылмалы мінезі аграршыларды сақтық етуге үйдейтіндей. Өңір дикандары үшін ендігі күрес егісті сақтап қалып, болашақ өнімнің негізін бекемдеуге бағытталмақ.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

ERKANAT KENESBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысы Әнуэр Төлебековтің ұсынған мәліметінше, көктемгі дала жұмыстары агротехникалық талаптарға сай мерзімде толық аяқталған. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдары 1,23 миллион гектар алқапқа егілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 49,5 мың гектарға артық. Өсім негізінен дөңді және майлы дақылдар, сондай-ақ, мал азықтық дақылдар есебінен қамтамасыз етілді. Тұқым сапасы да ерекше назар аударуға тұрарлық: дөңді дақылдар егісінің 90 пайызы жоғары репродукциялы тұқымдармен себілген. Картоп шаруашылығында да сапалы тұқымдық үлесі жоғары деңгейде сақталуда.

– Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс көлемі 1,2 миллион гектардан асты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда шамамен 50 мың гектарға көп. Астық, майлы және мал азықтық дақылдардың егіс алқаптары ұлғайтылды, – деді ол.

Қазіргі уақытта егістіктің басым бөлігі көктеу кезіне өтті. Дөңді дақылдардың 62 пайызының жағдайы жақсы, қалған 38 пайызы қанағаттанарлық деп бағаланды. Дегенмен, бірқатар аудандарда ылғал тапшылығы байқала бастаған. Вегетациялық даму қарқыны баяулаған. Аудандардағы егістіктің жалпы жағдайы


тұрақты деп бағаланғанымен, шаруалар өнімділікке қатысты нақты болжамдарды өсімдіктердің негізгі даму кезеңдері аяқталғаннан кейін ғана айтуға болатынын атап өтті. Иә, егіс науқанының уақыты аяқталуына үш негізгі фактор әсер еткен: мемлекеттік қолдау шаралары, шаруашылықтардың техникалық дайындығы және арзандатылған дизель отынымен қамтамасыз етілуі.

Келелі кеңесте қанатты жау шегіртке зиянкестеріне қарсы күрес жұмыстарының барысы да егжей-тегжейлі қарастырылды. 2026 жылы Қарағанды облысында үйірлі шегірткеге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 80,1 мың гектар аумақта жүргізіледі деп жоспарланған. Зиянкестердің таралуын бақылау үшін жалпы көлемі 1,264 миллион гектар аумақта көктемгі-жазығы фитосанитарлық зерттеулер ұйымдастырылды. Атаулы жұмыстарға 130 фитосанитар маман жұмылдырылған. Жинн өткен сәттегі мәлімет бойынша, 34,97 мың гектар жер өңделіп үлгерген. Бұл жоспарланған көлемнің 43,7 пайызына тең. Өңдеу жұмыстары үш түрлі техника арқылы жүргізілуде: жерүсті бүріккіштері 19,1 мың гектарды, аэрозольді генераторлар 1,7 мың гектарды, ал, аса жеңіл авиация 14,2 мың гектарды қамтыған. Жалпы, фитосанитарлық іс-шараларға 178 маман мен 114 техника бірлігі жұмылдырылды. Белгілі болғандай пестицид қоры жеткілікті. Су ресурстары мен ар-

найы техниканың толық дайын. Өңірдегі фитосанитарлық жағдай тұрақты бақылауда тұр. Жұмылдырылған күш пен құрал-жарақ ауқымына қарағанда, облыс билігі егістік алқаптарын қорғауға жан-жақты әзір.

– Зиянкестер ошақтарын анықтау үшін тұрақты мониторинг жүргізілуде. Жұмыстар жерүсті бүріккіштері, аэрозольді генераторлар және аса жеңіл авиацияның көмегімен атқарылып жатыр, – деді Агрооңкерәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциясы басшысы Жандос Ешмұханов.

Алда – аптап: синоптиктер қандай болжам жасап отыр? Өндірістік есептермен қатар метеорологиялық болжам да маңызды екені аян. Алдағы күндері Қарағанды облысында ауа райы құбылмалы әрі қарама-қайшы сипатта өрбінетінді. Мәселен, түнгі ауа температурасы +13...+18°C, күндіз +25...+30°C, ал, оңтүстік аудандарда +33°C-қа дейін көтеріледі. Желдің жылдамдығы секундына 9-14 метрді құрап, екпіні 20 метрге дейін жетуі ықтимал. Мұндай жағдайда авиация арқылы химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу қиындайды. 19-20 маусымда ауа райы күрт өзгереді. Жауын-шашын тоқтап, күндізгі температура +33...+38°C-қа дейін көтеріледі. Облыстың оңтүстігінде аптап ыстық +41°C-қа жетуі ықтимал. Маусымның үшінші онкүндігінде жағдай одан әрі күрделеніп, кейбір өңірлерде ауа температура-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

сы +42°C-қа дейін көтеріледі деп болжануда. Шілде айына арналған маусымдық болжам салыстырмалы түрде тұрақты: температура мен жауын-шашын мөлшері көпжылдық нормаға жуық болады. Алайда, тамыз айында ауа температурасы қалыпты көрсеткіштен 1-2 градус жоғары болып, жауын-шашын тапшылығы байқалады деп күтілуде. Бұл астықтың толысу кезеңінде тәуекелдердің артуына себеп болуы мүмкін.

Кеңесте алдағы кезеңнің маңызды міндеттерінің бірі ретінде мал азығы қорын қалыптастыру мәселесі де көтерілді. Алдын ала есеп бойынша өңірге шамамен 2 миллион тонна шөп қажет болады. Сонымен қатар, қажетті көлемде пішендеме, сүрлем және сабан дайындалуы тиіс. Өткен маусымнан қалған қорлар бар болғанымен, олар жалпы қажеттіліктің тек бір бөлігін ғана өтейді. Осыған байланысты, биыл мал азықтық дақылдардың егіс көлемі ұлғайтылды. Суармалы жерлерді кеңейту жұмыстары жалғасуда. Қосымша 6,2 мың гектар суармалы алқапты ауыл шаруашылығы айналымына енгізу межеленіп отыр. Шөп шабу және жем-шөп дайындау техникалары толық дайын күйге келтірілген. Сонымен қатар, мемлекеттік шабындық жерлерді халық пен шаруа қожалықтарына беру мәселесі де қоса пысықталуда.

Қарағанды облысы жаз мезгіліне қомақты егіс көлемімен және күшейтілген фитосанитарлық қорғаныс жүйесімен қадам басты. Егіс көктеп шықты, шаруашылықтар мемлекеттік қолдауға ие болды, техника мен химиялық препараттар жеткілікті.

Кенес қорытындысы бойынша Ермағанбет Бөлекпаев егін жинау және жемшөп дайындау науқандарына сапалы дайындықты қамтамасыз етуді, техниканы және жанар-жағармай қорларын уақытылы әзірлеуді, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

– Барлық жұмыстар белгіленген мерзімде және тиісті ұйымдастыру деңгейінде орындалуы тиіс. Жазғы ауыл шаруашылығы маусымының тұрақты өтуін қамтамасыз ету қажет. Бұл мәселе тұрақты бақылауда болуы керек, – деп аптап өтті облыс әкімі.

• ТАҒАЙЫНДАУ

Облыста – жаңа прокурор

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығымен әділет органының аға кеңесшісі Мұрат Әжинұрұлы Тілеубердиев Қарағанды облысының прокуроры қызметіне тағайындалды.



Мұрат Тілеубердиев – заң саласында көпжылдық тәжірибесі бар білікті маман. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақ мемлекеттік заң университетін тәмамдаған.

Еңбек жолын прокуратура органдарында 1999 жылы бастаған ол қызмет барысында жауапты әрі жетекші лауазымдарда жұмыс істеді. Алматы қаласы прокуратурасында түрлі қызметтер атқарып, Әуезов және Алматы аудандарының прокуроры болды. Сонымен бірге, Алматы қаласы прокурорының орынбасары қызметін атқарып, өңірдегі құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету ісіне үлес қосты.


Әр жылдары мемлекет мүддесін сотта қорғау бағытындағы құрылымдарды басқарған тәжірибелі маман Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Қаржылық даму департаментіне де жетекшілік етті. Бұл қызметтерде ол прокуратура жүйесін жетілдіру мен кадрлық әлеуетті нығайту

бағытында нәтижелі жұмыстар жүргізді.

2023 жылдан бері Түркістан облысының прокуроры қызметін атқарған Мұрат Әжинұрұлы енді Қарағанды облысында заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты жалғастырады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Балқантауға барар жол



(Соңы. Басы 1-бетте)

Сапа мәселесі де назардан тыс қалмайды. Жоба барысында қолданылатын жол-құрылыс материалдары «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны тарапынан ұдайы тексеріледі. Бұдан бөлек, техникалық қадағалау мамандары мен «ҚазАвтоЖол» өкілдері жұмыс барысын бақылауда ұстайды. Материалдардың сапасы мен технологиялық талаптардың сақталуы зертханалық тексерістер арқылы нақтыланады.

Жөндеу аяқталғаннан кейін мердігер ұйымдарға кепілдік міндеттемелері жүктеледі. «Бүркітті-Егіндібұлақ» учаскесіне 3 жыл, ал, «Қарқаралы-Бүркітті» учаскесіне 4 жыл кепілдік мерзімі қарастырылған. Егер осы мерзім ішінде жолда ақау пайда болса, оны мердігер ұйым өз қаражаты есебінен жөндеуге міндетті.

Қазір жол бойында жөндеу жұмыстары қызу. Арнайы ескерту белгілері орнатылған. Жүргізушілер үшін қозғалыс бағыты реттеліп, қауіпсіздік талаптары ескерілген. Ең бастысы, орташа жөндеу кезінде көлік қозғалысына толық шектеу қойылмай-

ды. Сондықтан, тұрғындар мен жолаушылар қатынасы үзілмейді. Тек су ағарларды жөндеу кезінде ұзындығы 150-200 метр болатын 8 айналма жол қарастырылған.

Ауыл тұрғындары да жұмыстың басталғанына ризашылық білдірді.

– Көптен күткен жол жөндеу жұмыстарының басталғанына қуаныштымыз. Жол – елдің құрметамыры. Әрбір азамат туған өлкесінің гүлденіп, көркейгенін қалайды. Әсіресе, тарихы терең, табиғаты көркем, қазынасы бай Кү-Балқантау өңіріне осындай игіліктің келіп, инфрақұрылымның дамып жатқаны бізді ерекше қуантады, – деді ауыл тұрғыны, Қарқаралы ауданының құрметті азаматы Мұхитбек Қаспатарұлы.

Жалпы, 2026 жылы Қарағанды облысында республикалық маңызы бар тоғыз жол учаскесі орташа жөндеумен қамтылады. Олардың жалпы ұзындығы 280 шақырымды құрайды. Соның ішінде, «Қарқаралы-Егіндібұлақ» бағытындағы жолдың жанаруы – шалғай ауылдардың қатынасын жақсартып, елді мекендердің тынысын ашатын маңызды жобаның бірі болмақ.

Суреттер ұйымдастырушылардан



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

керлік субъектілеріне де қатысты. Егер абаттандыру қағидаларын бұзу фактісі кәсіпкерлік қызметпен байланысты болса, айыппұл мөлшері субъектінің санатына қарай белгіленеді. Атап айтқанда, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 30 айлық есептік көрсеткішіне (АЕК), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40 АЕК, ал, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 100 АЕК көлемінде әкімшілік айыппұл қарастырылған. Мұндағы басты мақсат – жазалау емес, қоғамдық тәртіпті нығайту және кәсіпкерлік нысандардың айналасындағы санитарлық жағдайдың сақталуын қамтамасыз ету.

Қарағанды қаласында өткізілетін рейдтердің тағы бір маңызды тұсы – профилактикалық бағыттағы түсіндіру жұмыстары. Құқық қорғау органдары тұрғындарға заң талаптарын жеткізіп қана қоймай, табиғатты қорғаудың маңызын түсіндірді. Өйткені, экологиялық мәдениет бала кезден қалыптасқанда ғана қоғамда қоршаған ортаға деген жанашыр көзқарас орнығады.

Құқық қорғау органдарының мәліметінше, Қарағанды қаласында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 505-бабы бойынша апта сайын орта есеппен 20 әкімшілік хаттама толтырылады. Бұл көрсеткіш қала тұрғындарының арасында тазалық талаптарын сақтамау деректерінің әлі де кездесетінін көрсетеді. Заң талаптарын жеке тұлғалармен қатар кәсіп-

АЛУА БАҒДАТҚЫЗЫ,
ҚАРУЗУ-дың
II курс студенті
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ
ҚАРАҒАНДЫ

Тазалық толықтай бақылауда

Таза көше, көрікті аула, жасыл желекке бөленген қала тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып қана қоймай, өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастырады. Осы бағыттағы маңызды бастаманың бірі – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге асқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы.



Бұл игі бастама Қарағанды қаласында да қарқынды жүзеге асырылып жатыр. Қаланы көркейту мен тазалықты сақтау бағытында коммуналдық қызметтермен қатар құқық қорғау органдары да белсенді.

Қазіргі таңда Қарағанды қаласында «Таза Қазақстан» акциясы аясында рейдтік іс-шаралар өткізілуде. Рейд барысында полиция қызметкерлері көшелерді, саябақтарды, тұрғын үй аулаларын және халық көп шоғырланатын орындарды аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Әсіресе, қоғамдық орындарға қоныс тастау, тұрмыстық қалдықтарды белгіленбеген жерлерге төгу, жасыл желектерге зиян келтіру секілді құқық бұзушылықтарға ерекше назар аударылууда.

Осыған байланысты құқық қорғау органдары заң талаптарын бұзған азаматтарға ескерту жасап қана қоймай, әкімшілік жауапкершілікке де тартады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабына сәйкес қалаар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ, инфрақұрылым нысандарын бүлдіру, жасыл екіпелерді жою немесе зақымдау әкімшілік жауапкершілікке әкеледі.

Аталған баптың талаптарын сақтамаған жағдайда жеке тұлғаларға 86 500 теңге көлемінде айыппұл салынады. Бұл талаптар – тек жазалау үшін емес, қоғамдық тәртіпті қалыптастыру мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған маңызды құқықтық құрал.

«Таза Қазақстан» акциясы жүргізілуде. Қала басқармасы полиция бөлімінің Қарағанды қаласының Оңтүстік-Шығыс полиция бөлімшесімен Құрылысшылар

даңғылында рейдтік жұмыстар жүргізді. Бұл акцияның негізгі мақсаты таза өндірісті дамыту, табиғи және қасиетті орындарды сақтау, аулаларды, көшелерді, қоғамдық аумақтарды тазарту. Рейд барысында бірнеше қала тұрғындарына әкімшілік айыппұл салынды, – деді Оңтүстік-Шығыс полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы капитан Нұрбол Нұржанұлы.

Құқық қорғау органдарының мәліметінше, Қарағанды қаласында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 505-бабы бойынша апта сайын орта есеппен 20 әкімшілік хаттама толтырылады. Бұл көрсеткіш қала тұрғындарының арасында тазалық талаптарын сақтамау деректерінің әлі де кездесетінін көрсетеді. Заң талаптарын жеке тұлғалармен қатар кәсіп-

Талды төріндегі тас шежіре

Сарыарқаның сайын даласында тасқа қатталған тарих аз емес. Сол көбелі мұраның бірегейі – Шет ауданындағы Талды тарихи-археологиялық кешені. Бұл жолы жер шарының түпкір-түпкірінен келген тарихшы, археолог, антрополог ғалымдар дәл осы қасиетті мекенде бас қосты. «Сарыарқаның көшпелі мәдениеті: Ұлы дала құпиялары – Талды» атты халықаралық симпозиум Қаражартаста пирамидасының іргесінде ұйымдастырылып, көне дәуірдің көмескі беттерін жана қырынан пайымдауға мүмкіндік берді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаражартаста қандай құпия бар?

Талды – Орталық Қазақстанның ежелгі тарихын айғақтайтын аса маңызды археологиялық кеңістік. Мұндағы қорымдар мен тас құрылыстар, қыш ыдыстар мен адам сүйектерінің қалдықтары, жерлеу орындары мен саулеттік белгілер – бәрі де Ұлы даланың байырғы мәдениетін, сол дәуір адамның дүниетанымын, әлеуметтік құрылымын және өмір салтын тануға жол ашады.

Симпозиумның шымдығын облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей ашып, Талды тарихи-археологиялық кешенінің өңір үшін ғана емес, тұтас ел тарихы үшін айрықша маңызға ие екенін атап өтті.

– Археологиялық кешендегі әр жәдігер – өткен дәуірдің ізі, Ұлы даланың үні. Мұнда әлем ғалымдарының келуі заңды. Біздің өңірден табылған құнды жәдігерлер аймақ тарихын тереңдетіп қана қоймай, туристік әлеуетті де арттыратыны анық. Археологиялық кешендегі әрбір нысан – тасқа қатталған шежіре. Басты мақсаттың бірі – осы құндылықтарымызды әлемге таныту. Алдағы уақытта бұл жерде ашық аспан астындағы музей қалыптастыру ойымызда бар, – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.

Ғылыми жиынға Қазақстанмен қатар Түркия, Германия, Мажарстан және Ресейден келген зерттеушілер қатысты.

Ғалымдардың назарын ерекше аударған нысанның бірі – Қаражартаста пирамидасы. Атауы да тегін емес. Ескерткіш Талды өзені сағасындағы қара жартаста маңында орналасқан. Сыртқы құрылымы сатылы пішінді болғандықтан, зерттеушілер оны шартты түрде «пирамида» деп атайды. Алайда, бұл – Мысырдағы алып пирамидалардың көшірмесі емес, дала өркениетіне тән өзіндік жерлеу-саулет кешені.

– Қаражартаста пирамидасының ерекшелігі – оның бірегейлігінде. Мұндай құрылым Қазақстан аумағында сирек кездеседі. Ғалымдар оны соңғы қола дәуірімен, Бегазы-Дәндібай мәдениетімен байланыстырады. Хронологиялық тұрғыдан алғанда, ескерткіш біздің дәуірімізге дейінгі XIV-XV ғасырларға тиесілі деген ғылыми пайым бар. Бұл кезең – Орталық Қазақстанда күрделі әлеуметтік құрылым қалыптасып, жерлеу

дәстүрі мен тас сәулеті жоғары деңгейге жеткен уақыт. Қаражартастың орталық бөлігінде бір адам жерленген. Оның маңындағы қосымша жерлеу орындары сол дәуірдегі әлеуметтік қатынастар мен дүниетанымын хабар береді. Кейбір болжамдарға қарағанда, негізгі жерленген адамның айналасында оның отбасы мүшелері немесе мәртебесі жоғары ортаға жақын адамдар жерленуі мүмкін. Мұның өзі Қаражартастың қарапайым қорым емес, белгілі бір әлеуметтік мәні бар күрделі құрылым нысан екенін аңғартады, – деді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті жанындағы «Сарыарқа» археологиялық институтының директоры Алексей Кукушкин.

Археологтың айтуынша, өкінішке қарай, даладағы көне қорымдардың басым бөлігі ерте кезеңдерде тоналған. Сондықтан, мұн-



келтіру, ғылыми сипаттау және реставрациялау бағытында жұмыстар жүргізілді. Бүгінде нысандағы зерттеудің басым бөлігі аяқталғанымен, Талды алқабы әлі де талай жаңалықтың кілтін бүгіп жатқан кеңістік. Талды алқабындағы ескерткіштерді зерттеу арқылы Сарыарқаның қола дәуіріндегі



дай нысандардан табылатын жәдігерлер толық сақтала бермейді. Соған қарамастан, Қаражартастан анықталған қыш ыдыс сынықтары, сүйек қалдықтары мен жерлеу құрылысының архитектуралық белгілері ғалымдар үшін аса құнды. Әрбір қыш өрнегі, әрбір тас қаландысы, әрбір жерлеу бағыты сол дәуір адамның дүниетанымын түсінуге мүмкіндік береді.

Қаражартастағы алғашқы археологиялық зерттеу жұмыстары 2016 жылдан бастау алған. Кейін ескерткішті қалпына

мәдени келбетін жаңа қырынан тануға болады. Мұндағы тас құрылыстардың орналасуы, қабырғалардың батыс-шығыс бағытта қалануы, жерлеу ғұрпындағы күнбатысқа бағдарлану секілді белгілер сол кезеңдегі наным-сенім жүйесін, өлім мен өмір туралы түсінікті, кеңістікке қатысты байырғы танымды айғақтайды.

Ғалымдар не дейді?

Халықаралық симпозиумда Талды алқабының тарихи мәні әр қырынан сараланды. Бір ғалым археологиялық мұраны сақтау мәселесіне тоқталса, енді бірі қола дәуіріндегі жерлеу құрылыстарының ерекшелігін талдады. Шетелдік зерттеушілер ежелгі адамдардың антропологиялық келбеті, сүйек құрылымындағы өзгерістер, тарихи-мәдени байланыстар және археологиялық материалдарды заманауи әдістермен зерттеу жайын қозғады.

Археолог, тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Мадияр Елеуов Қазақстандағы археологиялық мұраларды қорғау мен сақтаудың өзекті мәселелеріне назар аударды.

– Еліміздің тарихи мәдени мұраларға бай. Сарыарқа өңірі де тас дәуірінен бастап, түрлі тарихи кезеңдерді бастан өткерген. Бұл аймақтағы ескерткіштерді жүйелі зерттеу арқылы қазақ даласындағы мәдени үдерістердің сабақтастығын тереңірек тануға болады. Қаражартаста секілді бірегей саулет ескерткіштері ел тарихын ғана емес, мәдени туризм бағытын дамытуға да серпін береді, – деді ғалым.

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті жанындағы «Сарыарқа» археологиялық институтының директоры Алексей Кукушкин Талды тарихи-археологиялық паркіндегі қола дәуірі ескерткіштері туралы баяндады.

– Кез келген зерттеу алқабында археологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп, қазба салынатын нүктелер алдын ала анықталады. Бұл өңірдегі көптеген ескерткіштер кезінде белгілі археологтар тарапынан қартаға түсірілген. Қаражартаста пирамидасында алғашқы қазба жұмыстары 2016 жылдан басталып, кейін нысанды қалпына келтіру және ғылыми сипаттау бағытындағы жұмыстар жалғасты. Қазіргі таңда кешенді зерттеудің басым бөлігі аяқталғанымен, Талды әлі де толық ашылмаған тарихи кеңістік ретінде бағаланып отыр, – деді ол.

Симпозиумда түркиялық антрополог Назлы Ақбас Акезең қорымынан табылған адам сүйектерін зерттеу нәтижелерімен бөлісті. Ғалымдардың анықтауынша, жерлеу орны ер адам мен әйелге тиесілі болған. Қорым көне заманда тоналғанымен, сүйек қалдықтары ғылыми талдау жасауға жеткілікті деңгейде сақталған.

– Бұл тарихи қорғандарды зерделеу арқылы көп дүниеге қанық болдым. Қазақ даласының байырғы салт-дәстүрі, таным терең ғұрпы мені ерекше әсерге бөледі. Антропологиялық зерттеу барысында ер адамның жамбас және омыртқа сүйектерінен ұзақ уақыт атқа мінген адамдарға тән өзгерістер анықталған. Мұндай ескерткіштерді зерттеу арқылы біз тек көне адамның сүйегін ғана емес, тұтас бір мәдениеттің өмір сүру салтын танимыз, – деді шетелдік ғалым.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қауымдастырылған профессоры, археолог Бақдәулет Сыздықов Ұлы дала көшпелілерінің тарихи миграциялары мен этномәдени байланыстарына тоқталды. Ғалымның пайымынша, Сарыарқа аумағындағы археологиялық ескерткіштерді жеке-дара емес, Еуразия кеңістігіндегі тарихи қозғалыстармен, мәдени ықпалдастықтармен сабақтастыра қарастыру қажет. Себебі Ұлы далада қалыптасқан мәдениеттер бір-бірінен оқшау дамыған жоқ, керісінше, кең ауқымды этномәдени байланыстар жүйесінде өрбіді.

Жыныда заманауи ғылыми әдістер де назардан тыс қалған жоқ. Мажарстандық мүсінші-реставратор Эмеше Анна Габор көне дәуір адамдарының бет-бейнесін қалпына келтіру тәжірибесімен бөлісті. Германиядағы Макс Планк институтының палеоботанигі Басира Мир археология мен ботаника ғылымдарының тоғысындағы зерттеулер туралы баяндады. Ал, археометаллургия бағытындағы мамандар көне металдарды зерттеудің жаңа әдістерін таныстырды.



Көрме көрігін қыздырған жәдігерлер

Симпозиум аясында Талды алқабынан табылған археологиялық олжалар мен өңірдің тарихи-мәдени мұрасын таныстырған көрмелер де көпшілік назарына ұсынылды. Киіз үйлерде жасақталған экспозициялар ғылыми жиынның мазмұнын ұлттық бояумен толықтырды. Мұнда көне жәдігерлер, колонер бұйымдары, тұрмыстық заттар мен дәстүрлі мәдениеттің бүгінге жеткен үлгілері қойылды.

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі сак дәуіріне тиесілі қазан, көне қанжар, әшекей бұйымдар және көшпелілер тұрмысынан сыр шертетін жәдігерлерді таныстырды. Шет аудандық музейі де өңір тарихына қатысты құнды экспонаттарды көпшілік назарына ұсынды. Әрбір бұйым – бір дәуірдің куәсі. Бірі көне металл өңдеу мәдениетін көрсетсе, енді бірі дала адамның тұрмыс-тіршілігін, талғамын, дүниетанымын аңғартады.

– 1993 жылы оқу бітіргеннен бері тұрақты түрде колонермен айналысып келемін. Кесте тігу, тоқима тоқу секілді жұмыстар маған ерекше ләззат береді. Үйде тапсырыс қабылдаймын. Әр бұйымға ұлттық өрнек, өз қолтаңбамды қосуға тырысамын, – деді Кеншоқы ауылының тұрғыны, колонерші Айгүл Төлеутайқызы.

Ғылыми байланыс кеңейді

Халықаралық симпозиум аясында ғылыми және мәдени ынтымақтастықты дамытуға бағытталған маңызды келісімдерге де қол қойылды. Бұл құжаттар Талды тарихи-археологиялық кешенін зерттеу, сақтау, қалпына келтіру және әлемдік ғылыми айналымға енгізу бағытындағы жұмыстарға тың серпін бермек.

Алғашқы меморандум Венгрияның «ARC-heo art-REKO Stúdió Bt.» ұйымы мен Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі арасында жасалды. Бұл ұйым мәдени мұраны зерттеу, сақтау, ғылыми реконструкциялау бағытында жұмыс істейді. Әсіресе, ежелгі адамдардың бет-бейнесін ғылыми негізде қалпына келтіру, археологиялық және антропологиялық материалдарды зерттеу саласында тәжірибесі мол.

Келісім археологиялық, тарихи және мәдени мұраны құзғатпау, сақтау, реставрациялау, бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және мамандар алмасу бағыттарын қамтиды. Бұл – Талды алқабындағы зерттеулердің халықаралық деңгейде жалғасуына жол ашатын маңызды қадам.

Екінші меморандум әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тарих факультеті мен Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі арасында рәсімделді. Құжат тарихи-мәдени мұраны зерттеу мен насихаттау, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру, жас мамандар даярлау және ғылыми тәжірибе алмасу бағытындағы ынтымақтастықты көздейді.

Түйін

Тарихи мұраны сақтау – тек ғалымдардың ғана міндеті емес. Ол – елдік сананы күшейтетін, ұрпақтың өткенге құрметін арттыратын ортақ жауапкершілік. Талдыдағы әрбір тас, әрбір қыш сынығы, әрбір жерлеу орны – өткен дәуірден жеткен үн. Сол үнді есту, түсіну және келер ұрпаққа аман жеткізу – бүгінгі күннің басты парызы.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО



• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Демалыс пен дамудың үйлесімі

Жазғы демалыс – әр оқушы асыға күтетін ерекше кезең. Алайда, демалысты тек үйде өткізумен шектелмей, оны қызықты әрі пайдалы ұйымдастырудың маңызы зор. Осы мақсатта мектептерде жыл сайын жазғы лагерь жұмысы істейді. Бұл лагерь балалардың бос уақытын тиімді өткізуге, жаңа достар табуға және түрлі қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

Лагерь бағдарламасы әртүрлі іс-шараларға толы. Оқушылар спорттық жарыстарға қатысып, эстафеталар мен қозғалмалы ойындар арқылы денсаулықтарын нығайтады. Сонымен қатар, шығармашылық байқаулар, сурет

салы сабақтары, ән айту және би билеу кештері ұйымдастырылады. Мұндай шаралар балалардың өнерге деген қызығушылығын арттырып, олардың талантының ашылуына ықпал етеді.

Жазғы лагерьде танымдық бағыттағы жұмыстарға да ерекше көңіл бөлінеді. Оқушылар викториналарға қатысып, қызықты тапсырмалар орындайды, кітапханаға барып, түрлі тақырыптар бойынша мәліметтер алады. Бұл олардың ой-өрісін кеңейтіп, білімге деген құштарлығын арттырады.

Лагерьдің ең басты ерекшелігі – достық атмосфера. Балалар бір-бірімен жақынырақ танысып, ортақ қызығушылықтары арқылы жаңа достар табады. Бірлескен ойындар мен іс-шаралар ұйымшылдыққа, жауапкершілікке және өзара көмек көрсетуге тәрбиелейді.

Мектеп оқушыларын осындай мүмкіндікпен қамтамасыз етіп отырған білім басқармасының мәліметі бойынша, 1 маусымнан бастап, Халықаралық балаларды қорғау күні аясында мектеп жанындағы лагерьлер өз жұмысын бастаған. Қарағанды қаласында 83 білім беру ұйымы жұмыс істейді.

50 мектепте тамақтандыру қарастырылған. Лагерьлерде 8385 оқушы, ал, 63 мектепте тамақтандырусыз алаңдарда 7457 оқушы қамтылады. Бұл – бастауыш сынып оқушылары санының 51%-ын құрайды.

Екі мезгіл тамақтандыру бар жарты күндік лагерь – ең танымал әрі ыңғайлы нұсқаның бірі. Балалар мұндай лагерьде әдетте таңғы 09:00-ден түскі 14:00-ге дейін болады. Күнделікті лагерь кестесі қызыққа әрі дамуға толы.

Мектеп жанындағы лагерьлер-

ге әдетте 7 жастан 11-12 жасқа дейінгі балалар қабылданады. Басқаша айтқанда, бұл 1-ші және 4-ші сыныпты аяқтаған бастауыш сынып оқушыларына арналған. Кейбір жағдайларда жас ерекшеліктері бойынша өзгеруі мүмкін.

Жазғы лагерь балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастырып қана қоймай, олардың бойында белсенді өмір салтын ұстануға деген қызығушылық қалыптастыратын маңызды тәрбиелік алаң. Осында өткізілген уақыт оқушылардың есінде ұзақ сақталып, ұмытылмас естелікке айналады. Сондықтан, мектеп жанындағы жазғы лагерь әр баланың демалысын мәнді де мағыналы ететін, қуаныш пен шабыт сыйлайтын тамаша мүмкіндік.

Ділназ ҚАППАРОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+ адам, қоғам, құқық), Мемл.лицензия: KZ55SLAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№180

**Жаңалық әрқашан жаныңызда!
<https://ortalyq.kz/>**

Аламан қарқын алды

Әлем чемпионатының басталғанына төртінші күн. Ал, топтық кезеңдегі ойындар жоғары деңгейде өтуде. Соның бірі – «С» тобындағы Бразилия мен Марокко арасындағы кездесу. «Е» тобында Германия құрамасы өзінің чемпиондық амбициясын айқын аңғартты. Немістер қарсыласын 7:1 есебімен тас-талқан етіп, турнирдегі ең ірі жеңістің бірін тіркеді.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«А» тобында мексикалықтар Оңтүстік Африканы 2:0 есебімен ұтса, корейліктер Чехияны 2:1 есебімен жеңді.

Алғашқы турдан кейін Мексика үш ұпаймен және доп айырмасы бойынша топ көшін бастады. Оңтүстік Корея да үш ұпай жинағанымен, қосымша көрсеткіштер бойынша екінші орында тұр.

«В» тобында текетірес енді басталды. Алғашқы турдан кейін төрт құраманың да қоржынында бір-бір ұпайдан бар. Канада Босния құрамасымен, Катар Швейцариямен 1:1 есебімен тең ойнады. Канада өз алаңында басым ойнағанымен мүмкіндіктерін толық пайдалана алмады. Есесіне, Босния сауатты өнер көрсетіп, алғашқы кездесуінде-ақ ұпай еншіледі.

Алғашқы тур қорытындысы бойынша топта фаворит анықталған жоқ.

«С» тобының фавориті саналатын Бразилия құрамасы Мароккомен 1:1 есебімен тең тарқасты. Ал, Шотландия Гангиді 1:0 есебімен жеңіп, үш ұпайды еншіледі.

Бразилия мен Марокко арасындағы матч жоғары қарқынмен өтті. Бразилиялықтар допка көбірек иелік етіп, шабуылда белсенді болғанымен, марокколықтардың ұйымдасқан қорғанысын бұза алмады.

Шотландия мен Гангиді кездесуінде еуропалықтар ойын барысында басымдық танытып, жалғыз голдың арқасында жеңіске жетті. Бірінші турдан кейін бұл топта Шотландия үш ұпаймен жеке көш бастады. Марокко мен Бразилияның еншісінде бір ұпайдан болса, Гангиді әзірге ұпайсыз қалып отыр. Биылғы чемпионатта Марокко топтың басты сенсациясын жасап үлгерді. Ал, Бразилияға плей-офф жолындағы мүмкіндігін арттыру үшін келесі матчта міндетті түрде жеңулері қажет.

«D» тобында көш басына АҚШ пен Аустралия құрамасы шықты. Америкалықтар Парагвайды 4:1 есебімен ірі жеңсе, Аустралия Түркияны 2:0 есебімен тізе бүктірді.

Топтағы ең нәтижелі матч АҚШ пен Парагвай арасында өтті. Алаң иелері шабуылдағы жоғары қарқынын көрсетіп, қарсылас қақпасына төрт гол салды. Парагвай есеп айырмасын қысқартқанымен, ойын тізгінін өз қолына ала алмады.

Аустралия мен Түркия арасындағы кездесуде аустралиялықтар тәртіпке құрылған ойын үлгісін көрсетті. Қорғаныста сенімді әрекет етіп, шабуылда өз мүмкіндіктерін тиімді пайдаланды. Нәтижесінде екі жауапсыз гол соғып, маңызды үш ұпайға ие болды.

«Е» тобындағы басты назар – Германия құрамасына ауды. Немістер Кюрасаоны 7:1 есебімен ойсырата жеңіп, турнирдегі ең ірі есепті тіркеді. Өрі топтағы басты фаворит мәртебесін тағы бір мәрте дәлелдеді. Ал, Кот-д'Ивуар Эквадорды 1:0 есебімен ұтып, маңызды үш ұпайға қол жеткізді.

«F» тобында Швеция Тунис құрамасын 5:1 есебімен сенімді жеңсе, Жапония мен Нидерланд 2:2 есебімен тең тарқасты. Швеция мен Тунис арасындағы кездесуде скандинавиялықтар қарсылас қақпасына бес гол салып, сенімді жеңіске жетті. Ал, Жапония мен Нидерланд арасындағы матч топтағы ең тартысты кездесу болды. Екі құрама да жеңіске жетуге мүмкіндік алғанымен, кездесудің қорытынды есебі тең аяқталды.

Алғашқы турдан кейін Швеция үш ұпаймен жеке көш бастады. Жапония мен Нидерландтың еншісінде бір ұпайдан болса, Тунис әзірге ұпайсыз.

Сурет FIFA

Дауылдай болсын дабылы!

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сағындық Мекеев өз сөзінде жастардың дамуына осындай спорт секцияларының көптеп керек екенін атап өтті.

– Алтынбек Думанұлы – халықаралық жарыстарда ел намысын абыроймен қорғаған, үлкен жетістіктерге жеткен спортшы. Ол ABADAN FC ұйымының чемпиондық белбеуін жеңіп алып, кәсіби мансабында өзін мықты спортшы ретінде дәлелдеді. Біздің басты мақсатымыз – жастарға бағыт-бағдар беріп, олардың бойына спорт арқылы тәртіп пен жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру. Бұл ретте Алтынбек сияқты чемпиондардың өнегесі жас буын үшін аса маңызды. Биыл күзде аралас жекпе-жек спорты Азия ойындарының бағдарламасына енгізіліп, жарыс алғаш рет Жапонияда өтеді. Қуантатыны, біздің қыздарымыз іріктеу кезеңінен сүрінбей өтіп, аталған додаға жолдама алды. Бұл – өңір спорты үшін үлкен жетістік. Қазіргі уақытта спортшыларымыз Ақтөбе қаласында оқу-жаттығу жиындарын өткізіп, алдағы жауапты жарыстарға тыңғылықты дайындалып жатыр, – деді Сағындық Мекеев.

Спорт кешені екі қабаттан тұрады. Төменгі қабатта спортшылардың жалпы дене дайындығын жетілдіруге арналған заманауи кроссфит залы орналасқан. Мұнда тиімді жаттығу өткізуге қажетті құрал-жабдықтардың барлығы қарастырылған. Ал, екінші қабатта аралас жекпе-жек бойынша негізгі жаттығу залы жұмыс істейді. Кең әрі қолайлы залда спортшылардың қауіпсізді-



менгеріп, тәжірибесін шыңдай алады. Мен жас кезімнен осындай спорт залын ашуды армандадым. Кәсіби спорттағы мансабымды

аяқтағаннан кейін сол арманымды жүзеге асыруға бел будым. Жинақтаған тәжірибем мен білімімді жас спортшылармен бөлісіп, олардың үлкен жетістіктерге жетуіне үлес қосқым келеді, – деді Алтынбек Думанұлы.

Айта кетейік, Алтынбек Думанұлы клубын жеке қаражаты есебінен ашқан. Кәсіби спорттағы мансабын аяқтағаннан кейін кәсіп ашып, бұл салада да біршама уақыт қызмет еткен. Кейін клубын ашу үшін өз кәсібінен түскен қаражаты жұмсаған. Алдағы уақытта Қарағанды облысындағы MMA федерациясы филиалының әкімшілігі де осы спорт кешенінде орналасады деп күтілуде. Академияда жаттығу сабақтары бірнеше топқа бөлінген. Таңертеңгі уақытта 5-10 жас аралығындағы балалар қабылдана, күндіз және кешкі мезгілде жасөспірімдер мен ересектерге арналған жаттығулар өткізіледі. Кәсіби спортшыларға арналған арнайы дайындық бағдарламалары қарастырылған. Бұдан бөлек, клубқа ақылы негізде қатысуға да мүмкіндік бар.

Суреттерді түсірген автор



гіне ерекше мән беріліп, барлық қауіпсіздік талаптары толық сақталған.

– Аралас жекпе-жек – азын-азын барлық бұлшық еттері мен дене мүшелері қатар жұмыс істейтін спорт түрі. Сондықтан, біздің академия үшін кроссфит залының болуы өте маңызды. Спортшылардың күш-қуатын арттырып, функционалдық дайындығын жетілдіруге мүмкіндік береді. Жаттығу барысында қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөлдтік. Осы мақсатта зал қабырғалары жұмсақ қорғаныш төсеніштерімен қапталды. Бұл бір жағынан спортшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан жекпе-жек техникасын жетілдіруге көмектеседі. Аралас жекпе-жек кездесулері арнайы торлы алаңда өтетіндіктен, жаттығу залына да арнайы қабырғалар орнаттық. Мұнда спортшылар қарсыласын қабырғаға тіреп жұмыс істеу секілді жекпе-жек элементтерін



• ФУТБОЛ

Кеншілердің кезекті жеңісі

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы Қазақстан Бірінші лига ойындары аясында кезекті тоғызыншы кездесуін тәмамдады. Жерлестер бұл жолы сырт алаңда Алматылық «Хан-Тәңірі» клубымен ойнап, 2:0 есебімен жеңіске жетті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарсыластар бұған дейін сырт алаңда елордалықтарға есе жіберген. Сондықтан, оларға осы матчты жеңіп, турнирлік кестеде жоғары көтерілуі қажет. Өрі «Шахтерді» өз алаңында қабылдайтындықтан, барынша шабуылдайтын анық. Ал, қарағандылық клубтың бас бапкері Андрей Финноченконы жанкүйерлер қауымы жақсы біледі. Әр ойынға тыңғылықты дайындалып, әр қарсыласқа әртүрлі тактикамен келетін бас бапкер маусым басталғалы тек елордалықтарға ғана есе жіберіпті. Осы жолы да жоғары дайындықпен келіп, шәкірттері сырт алаңда ұпай жоғалтпады.

Ойынның алғашқы бөлігінде

есеп ашылмады. Тек қос қарсылас шабуыл ұйымдастырып, бір-бірінің осал тұсын іздеумен болды. Қос тараптан шабуыл болғанымен, қорғаныстары сыр бермеді. Ойындағы бірінші гол 58-ші минутта тіркелді. «Шахтер» кезекті бұрыштама добын орындап, есепте алға шықты. Бұл жолы көзге түскен – Александр Мигунов. Өріптесі Андрей Ульшиннің бұрыштамадан бағыттаған добын қақпаға бағыттап, командасын алға шығарды.

Екінші голды 88-ші минутта Артем Литош салды. Кезекті шабуыл барысында қарсылас команда қорғанышының қателігін пайдаланып, қақпаға жойқын соққы жасаған. Қарсылас қақпашысы соққыға төтеп бере алмай, ойынның аяқталуына санаулы минут қалғанда екінші гол-



ды жіберіп алды.

– Қарсыластар – осал емес. Шабуыл жасағанды ұнататын команда. Өрі прессингпен жақсы ойнайды. Бірақ, жігіттер қарсыластарға қарсы ойындары мен күткендей ойнады. Әрқайсысы мен жүктеген тапсырманы сәтті орындап, қателікке бой алдырмады. Стандартты да өз пайдасымызға шештік. Осы қарқынмен лига ойындарын әрі қарай жалғастыра береміз. Жанкүйерлерді құттықтаймын. Команда қатарына жанадан қабылданған ойыншыларымыз бар. Әзірге олар дайындық үстінде. Алдағы уақытта ол ойыншыларды да жасыл алаңнан көресіздер, – деді команданың бас бапкері Андрей Финноченко.

Осылайша жерлестер сырт алаңда сүрінбей, турнирлік кестеде өз орнын сақтап қалды. Қарағандылықтар Бірінші лига ойындарының IX турында 22 ұпаймен II орынға табан тіреді. Ал, көш басын-



да 23 ұпаймен – «Алматы» жастары. Үздік үштікте 18 ұпаймен тұркістандық «Тұран» клубы.

Бұдан бөлек, сұрмергендер тізімінде «Шахтер» шабуылшысы Артем Литош та көш басында. Ол маусым басталғалы жеті гол салып, төрт голдык бас берген. Сонымен қатар, тағы бір шабуылшымыз Рифат Нұрмұғамбет бес гол салып, бұл тізімде үздік үштіктің қатарына енген.

Енді қарағандылықтар 19-ы өз алаңында оралдық «Жайықты» қабылдаса, 26-сы сырт алаңда «Таразбен» ойнайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Adararai» ЖШС

Директор

Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары

Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары

Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор

Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары

Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы

А.Ө. СОВЕТ

Жауапты хатшы

С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,

Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда

№ КЗ18ВР000030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе

41-26-82, 43-57-88

телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,

БИК KСJZKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 108

№63 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша

«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН